

Астана қаласының мәдени мұрасы  
Культурное наследие города Астаны

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ / РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ



№1(2) / 2015  
қаңтар / январь



# ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА 550 ЖЫЛ



ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

1465

2015





*Қазақ ұлтының  
мәдени өмірінің  
көрінісі*





## Құрылтайшы:

### Ү.Д.Мұңалбаева

Халықаралық Мұражайлар Одағы ИКОМ Қазақстан  
Ұлттық Комитетінің Президенті

## Редакция алқасы:

### Б.Б.Мажағұлов

Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы

### Ә.У.Тарази

Қазақстанның халық жазушысы,  
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

### Ә.К.Кеңілбаев

Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты

### Н.Т.Айт

С. Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану  
мұражайының директоры

### А.Р.Умиршина

Астана қаласы Тәуелсіздік сарайының директоры

### Б.Г.Аяған

Астана қаласы тарих институтының директоры

### А.Ш.Нұразхан

Алтын және бағалы металдары мемлекеттік  
мұражайының директоры

### Ә.Е.Өтегенова

ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі бас-хатшысы

### Б.Ж.Жүнісбеков

Саяси құғын-сүргін және тоталитаризм  
құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай  
кешенінің директоры

### Б.К.Оразымбетова

ҚР Мәдени қайраткері, экскурсиялық бюроның  
ғылыми-әдістемелік жөніндегі басшысы

**Бас редактор:** Әсем Сағиқызы

**Бас редактордың орынбасары:**

Гүлжәмила Сәрсенбайқызы

**Тілшілер:** Татьяна Казанцева, Жәмила

Сәрсенбай, Диляра Сейдахметова, Зылиха Салих,

Сезім Жүсіпқызы, Аслан Есен, Әсем Сағидолла

**Дизайнер:** Раушан Танабаева

**Фотограф:** Ерсайын Болат

**Корректорлар:** Баян Жақсылықова, Нұрай

Ерланқызы

## Выходные данные журнала:

Республиканский научно-познавательный журнал  
**«Астана қаласының мәдени мұрасы»**  
«Культурное наследие города Астаны»

**Выпуск № 1(2)/2015 г.**

Издается с марта 2014 года

**Периодичность:** один раз в месяц

Журнал выпускается при содействии Министерства  
культуры и спорта РК, Управления культуры акимата  
города Астаны.

**Учредитель и издатель**

ГККП «Этно-мемориальный комплекс

«Карта Казахстана «Атамекен»

**Почтовый адрес редакции:**

010000, Астана,

Кургальджинское шоссе, 2/1

тел.: +7 (7172) 24-31-72

e-mail:madeni\_mura\_jurnal@mail.ru

**Формат** 18,5x28,7

Бумага мелованная двусторонняя, плотность на 130 г/м<sup>2</sup>

Обложка формата А4 плотность 250 г/м<sup>2</sup>

**Заказ №12**

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и  
спорта Республики Казахстан.

**Регистрационное свидетельство**

№ 14225-Ж от 4 марта 2014 г.

- Мнение авторов материалов может не совпадать с  
позицией редакции;

- За точность публикуемых сведений и цитат  
ответственность несут авторы материалов;

- Редакция оставляет за собой право

редактировать материалы;

- Редакция не рецензирует и не возвращает рукописи;

**Журнал отпечатан в собственной типографии**

**Тираж: 1000 экз.**

## Құрметті оқырман қауым!

Сағынышқа толы сағым жылдар. Қайран күндер, сайран түндер.

Күнді арқалап, түн кетеді. Түн артынан күн шығады.

Әні-міне дегенше, тағы бір жылымызбен хош айтысып, жылдың жаңа күндерімен қауыштық. Қайдан тұрақ табары белгісіз, қайран өмір осылайша адамзат баласының бір жылдық ғұмырын шегерді. Бір жыл дегеніңіз, пенде шіркінге аз ба, көп пе? Ойға алған істерін жүзеге асырып, үлгере алды ма? Діттеген мақсатына жетті ме? Арманы орындалды ма?.. Сан түрлі сұрақтардың жауабы да сан түрлі...

Қазақ оқырмандары мен мәдениет жанашырлары үшін әйтсе де, өткен жылда жағымды жаңалықтар жетіп артылды. Елорда әкімшілігінің және Мәдениет басқармасының қолдауымен қолдарыңызда тұрған, яғни «Астана қаласының мәдени мұрасы» республикалық ғылыми-танымдық журналы жарыққа шықты. Бұйыртса, 11 ақпанда журналымызға бір жыл толмақ. Осы уақыт аралығында басылым қызметкерлері халқымыздың мәдени өмірі мен тыныс-тіршілігінен біршама ақпараттар беруге талпынып отырды. Көзі қарақты, зерделі оқырман ол жағын өздері ажырата жатар.

Биылғы жыл мемлекетімізде айтулы мерекеге толы. Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Ата заңымыз бен Қазақ халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерейтойларын атап өтуді қолға алып отырмыз. Мемлекет мәртебесін асыратын және тарих қойнауына апаратын жолда халқымыз бір кісідей атсалысып, игі істерді атқара берсін дегім келеді.

**Құрметпен,  
Әсем Сағиқызы**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ  
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

**МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ**

Әкім дарынды балалармен кездесті .....	6
Аким встретился с «будущим» Астаны .....	7
«Внимание, өнерпаздар!» .....	8
Кітап – менің өзегім .....	10
Ең үздік фильм .....	13
Забытые в Караганде .....	14
Ілияс Есенберлин .....	16
Сыннан сыр түйген шебер .....	17
Ардагерлерді ардақтайық .....	18
Святая к музыке любовь .....	20
Өнерлі өрге озар .....	25
«Қарагөз» ұлттық балеті .....	26
У любви нет срока давности .....	27
По главной улице с оркестром .....	34
Ұстанымы берік «Семсерлер» .....	36
Культура сближает .....	39
Тот самый Жанбаев .....	40
Мир и согласие – крепкий фундамент .....	42
Менің кәсібім жөніндегі проза және поэзия .....	46
Первый велочемпион .....	48
Бокс .....	49
Ғани өмірі – ұрпаққа өнеге .....	50
Зимняя прогулка .....	52
Кто лучший? – выберет зритель .....	54
«Бақыт деген менің балалық кездерім» .....	56
Конкурс .....	59
Мұражай терминдерінің сөздігі .....	60
Словарь музейных терминов .....	62
Асылын ардақтаған білім кешені .....	64
Өлке тарихының мақтаншысы .....	66
Қазақ хандығын ұлықтайтын ескерткіш .....	67
«Үкілі жұлдыз» үміті .....	68
Мата – сән өрнегі .....	70
Мәдени жаңалықтар .....	72



## Әкім дарынды балаларымен кездесті

**Астана қаласының әкімі Әділбек Жақсыбеков дарынды балалар мен елорда мектептерінің оқушылары, республикалық және халықаралық олимпиада, түрлі конкурстар мен ғылыми жобалардың жеңімпаздарымен кездесті.**

Кездесу бейресми жағдайда өтті. Шараның тізгінін де оқушылар өз қолдарына алды.

Жас физиктер, математиктер, информатиктер, архитекторлар, суретшілер, экологтар мен спортшылар елорда басшысына өздерінің табыстары мен жетістіктері жайында әңгімелеп, болашақ жоспарларымен бөлісті.

Ұмырбекова Аида, №6 гимназияның оқушысы, Оңтүстік Кореяда өткен «Жас ғалым» ғылыми жобалар конкурсының Гран-при иегері, «Үздік инновациялық еңбек» сыйлығының иегері, «Экоқала» жобасын таныстырды:

«Астана – менің қалам! Мен оның ең әсем, таза, жайнаған қала болғанын қалаймын. Менің жобам «Экоқала» деп аталады. Онда мен энергияны желден және күннен алу жолдарын қолдандым».

Әбдірахманов Әнуар, №6 гимназияның оқушысы, географиядан Республикалық олимпиаданың және ғылыми жобалар конкурсының жүлдегері, «Бірыңғай Энерго-Ақпараттық жүйесі» зерттеуін таныстырды.

Ишанқұлова Дания – №66 мектеп-лицейдің оқушысы, «Алтын микрофон» (Франция) Халықаралық конкурсының Гран-при иегері ұлттық жетіген аспабында попури орындап берді.

Рычко Артем – географиядан Республикалық оқушылар олимпиадасының жеңімпазы, ҚР құрамасының мүшесі, Әділбек Жақсыбековтен өзімен бірге селфиге түсуге рұқсат сұрап, сол үшін «достарымен бәстескенін айтты». Артем бұл бәсте жеңді.

Әкім қызыққа толы кездесу үшін

### Әділбек Жақсыбеков

Астана қаласының әкімі

балаларға алғысын білдіріп, көптеген сұрақтарына жауап берді. Және спортпен, дене шынықтырумен шұғылдану-олардың денсаулығы мен қалыпты дамуына әсері мол екенін естеріне салды.

Қала әкімі жас көшбасшыларды қол жеткізген нәтижемен шектелмей, одан әрі алға басуға шақырды.

– Біздің жастардың арасында Билл Гейтс сияқты инноваторлар, Абай Құнанбайұлы сияқты философтар, Қаныш Сәтбаев сияқты ғалымдар, Мұхтар Әуезов сияқты жазушылар жүруі мүмкін.

Сендердің оқып, білім алуларың үшін, жетіліп, дамуларың үшін барлық мүмкіндіктер жасалып жатыр. Елбасының тапсырмасына сәйкес бірегей Оқушылар сарайы салынды, білім беру гранттарының саны артты, шәкіртақының көлемі ұлғайды, әлемдік деңгейдегі университет бой көтерді, интеллектуалды мектептер салынды, «Болашақ» бағдарламасы қабылданды, бұл бағытта әлі де қыруар жұмыстар жүргізіле беретін болады.

Сендер біздің Елорданың жарқын өкілісіңдер, Ел сендермен мақтануы керек. Бүгінгі таңда 67 мыңнан астам астаналық оқушылар түрлі деңгейдегі ғылыми-шығармашылық сайыстар мен олимпиадаларға қатысуда. Астана қаласының оқушыларынан құралған топ 7 жыл қатарынан бірінші орындар мен атақтарға ие болып келеді. Оған қоса, жақында өткен О. Жәутіков атындағы халықаралық олимпиадада біздің балалар математика мен физика, информатикадан жүлделі орындарға ие болды. Сендердің болашақтарыңның жарқын болуы – бұл қаламыздың, тұтас еліміздің болашағының жарқын болуы деген сөз.

Сөз соңында Ә. Жақсыбеков «Сендерге тек сәттілік пен жеңістер тілеймін!» – деп жас жеткіншектерге өз тілегін білдірді.

Астана қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі

## Аким встретился с «будущим» Астаны

Сегодня аким Астаны Адильбек Джаксыбеков встретился с одаренными детьми – учащимися столичных школ, победителями республиканских и международных олимпиад, конкурсов, научных проектов.

Впервые встреча проходила в непринужденном общении, даже модераторами мероприятия выступили сами школьники. Юные физики, математики, информатики, архитекторы, художники, экологи, спортсмены рассказали главе столицы о своих успехах и достижениях, поделились планами на будущее.

Умырбекова Аида, ученица гимназии №6, обладатель Гран – при в конкурсе научных проектов «Молодой ученый» в Южной Корее, обладатель премии «Лучшая инновационная работа», презентовала проект «Экогород»: «Астана – мой город». Я хочу, чтобы он был самым красивым, чистым, зеленым. Мой проект называется «Экогород». В нем я задействовала ветровые и солнечные методы получения энергии».

Абдрахманов Ануар, ученик школы гимназии №6, призер республиканской

олимпиады по географии и конкурса научных проектов, представил разработку «Единой Энерго-Информационной системы». Ишанкулова Дания – ученица школы-лицея №66, обладатель Гран-при Международного конкурса «Золотой микрофон» (Франция) сыграла попури на национальном инструменте жетыгене. Рычко Артем – победитель Республиканской олимпиады школьников по географии, член сборной команды РК, попросил Адильбека Джаксыбекова сделать с ним селфи: «Я с ребятами поспорил». Спор Артем выиграл.

Аким поблагодарил детей за насыщенную и интересную встречу, ответил на многочисленные вопросы детей, обратив их внимание на то, что занятия физкультурой и спортом – неперемнная составная их гармоничного развития.

Он призвал юных лидеров не останавливаться на достигнутом.

– Среди нашей молодежи могут быть свои инноваторы как Билл Гейтс, философы, как Абай Кунанбаев, ученые, как Каныш Сатпаев и писатели, как Мухтар Ауэзов.

Для вашего обучения и роста прилагаются все усилия. По распоряжению Главы государства построен уникальный Дворец школьников, увеличено количество образовательных грантов, повышен размер стипендий, создан университет мирового уровня, построены интеллектуальные школы, учреждена Программа «Болашак», будет сделано больше.

Страна должна гордиться вами, вы яркие представители нашей столицы! Сегодня более 67 тысяч столичных школьников задействованы в научных и творческих соревнованиях и олимпиадах всех уровней. Семь лет подряд команда учащихся города Астаны занимает первые места и звания, более того, совсем недавно в Международной олимпиаде имени О. Жаутыкова наши ребята заняли призовые места по математике, физике и информатике. Ваше успешное будущее – это успешное будущее нашего города, нашей страны!

Успехов вам и новых побед! – искренне пожелал юным дарованиям Астаны А. Джаксыбеков.

Пресс-служба акима г.Астаны

# «Внимание, ӨНЕРПАЗДАР!»

Бұл әйгілі «Ревизор» қойылымындағы Хлестаковтың сөзі. Қалаға келген Петербург шенеунігі Иван Александрович өзін «ревизормын» деп таныстырады. Ал, оған дейін ревизор келеді деген хабарды естіген жұрт әбігерге түсіп, абыржи бастаған...

Астана қаласы әкімдігіне қарасты Жастар театры орыс драматургі Никола́й Гогольдің атақты «Ревизор» қойылымын сахнаға шығарды.

Аталмыш қойылымды көруге Астана қаласының әкімі Әділбек Жақсыбеков пен Мәдениет басқармасының басшысы Болат Мажағұлов келді.

Қырықтан аса бастаған шағында, яғни өмірден ерте кеткен орыс драматургі Никола́й Гогольдің бұл пьесасының әлемдік деңгейге көтерілгені қашан. Кезінде ұлы жазушы осы шығармасы жөнінде былай деген екен: «Бұл шығармада мен өзім білетін ресейдің барлық ақымақтарын бір жаққа жинап қоямын. Көп жағдайларда әділетсіздіктің белең алуын және адам баласынан сол әділеттіліктің талап етілетінін, сондай-ақ, бір жағынан бәріне де күлу керек екенін көрсетемін». Комедиялық жанрда жазылған комедия жайлы драматург осылай дейді.

Жастар театрының сахналануымен көрермендерге жол тартқан «Ревизор» пьесасында актерлардың пластикалық қимылдары мен вокалдық қабілеттерін байқауға болады. Қала театрының

ұйымдастырушылығының арқасында әрбір қойылымға келер халықтың қарасы көп. Бір аңғарғанымыз, жас көрермендер жағы жетіп артылады. Қойылым қазақ тілінде сахналады.

Театр ізденісі оң нәтиже беріп, қойылым сәтті шықты деуге болады. Дуанбасы Антон-Антоновичтің рөлінде Әділ Ахметов, Хлестаков – Дәурен Серғазин, судья Ляпкин-Тяпкин – Бақыт Қажыбаев, қала помещиктері Добчинский мен Бобчинский – Бауыржан Нұрымбетов пен Батай Жандәулет, діни мекемелердің қамқоршысы Земляника – Азамат Есқұлов ойнайды. Қойылымның режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрқанат Жақыпбай.

Ең арзан қонақ үйге орналасқан Хлестаков қара басын күйттеген жан. Саратов қаласына келгендегі мақсаты біреу-ақ еді. Олардың ақымақтығын пайдаланып, ақшаларын жымқырып кету. Дуанбасы Антон Антонович оның өтінішін орындамақ ниетте, ақша береді. Сөйтіп, ол жолда біраз шығынданып қалғанын айтып, біраз адамдардан қарызға деп ақша сұраумен болады.

Гоголь адамның бойындағы осындай пендешілікті дөп басып көрсетеді. Хлестаков рөліндегі Дәурен Серғазин алаяқ ревизордың рөлін актерлық қабілетімен алып шықты десек те болады. Оның жүріс-түрісі, қимыл қозғалысы, сөйлеу мәнері қойылымның сәтті шығуына себін тигізді. Ал, дуанбасы рөліндегі Әділ Ахметов әсерлі көріністерімен спектакльдің мазмұнын одан сайын аша түседі.

Ең алғаш рет бұл қойылым он тоғызыншы ғасырдың басында сахнаға шығарылды. Мәскеу театрының бірінде өткен қойылымға Николай Гогольдің өзі де қатысады. Драматург спектакль қойылмас бұрын дуанбасы рөлінде ойнайтын Михаил Семенович Щепкинге хат жазады. Хатында Гоголь оған дуанбасы рөлін алуын өтінеді. Сондай-ақ, Хлестаков рөлінде ойнайтын актердың шын таланты бардың ғана ойнай алатынын айтады. Себебі, «Ревизор» пьесасы қоғамның көкейкестілігін мысқалдайтын бірден-бір туынды.

Бүгінгі заманның талабына сай, жас актерлардың сахнаға алып шығуы пендешілікті, парақорлықты, жағымпаздықты әшкерелеу. Шығарманы басынан аяғына дейін осындай қарқынмен алып шыққан Жастар театры асып түспесе, ешкімнен кем түспеді.

Бір қызығы комедияның соңы ерекшелену аяқталды. Шын ревизор келеді дегенді естіген жұртқа дуанбасының оны лайықты қарсы алу керек деген әмірі болатын.

Жастар театрының сахнасында біраз уақыттан бері репертуардан түспей келе жатқан Гогольдің «Ревизор» пьесасы театр сүйер қауымның сүйікті қойылымына арналды. Былтыр аталмыш қойылым Орта Азия халықтарының арасында өткен сайыста Гран-При жүлдесін иеленсе, «Ең үздік ер адам бейнесі» сыйлығына Хлестаков ролі үшін театр актері Дәурен Серғазин лайық деп танылған болатын.

Зылиха САЛИХ

Мырзатай Жолдасбеков,  
филология ғылымдарының докторы, Мемлекет  
және қоғам қайраткері:

## «КІТАП – МЕНІҢ ӨЗЕГІМ»

Біздің қоғамда ақыл айтатын ақсақалдар қалмады деп, ренжитіндер бар. Сонау бір тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында халқымыз Мырзатай Жолдасбековты, Ақселеу Сейдімбекті және Рымғали Нұрғалиды қазақтың үш биі ретінде жақсы тани бастады. Бұл кісілер салған сара жол уақыт өте даналықтың негізі ретінде жалғасын тауып жатты.

Филология ғылымдарының докторы, Мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтың бүгінгі ұрпаққа берер тәрбиесі жайында қанша айтсақ та, артық болмас...

**Мырзатай  
Жолдасбеков**  
филология ғылымдарының докторы,  
Мемлекет және қоғам қайраткері

Иә, біз білетін Мырзатай Жолдасбековті қазақ мәдениетінің жанашыры деп әбден айтуға болады. Сол жанашырлық оның нақты іспен айналысуына үнемі жетелеп отырды. Ғалымның ұрпақ тәрбиелеу ісінде мәдениетпен тығыз байланыстыруы, халықтық рухтың жандана беруіне себін тигізері сөзсіз.

Жақында академик Мырзатай Жолдасбековтың жеке кітапханасы ашылды. Елорда төрінде орналасқан ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының жанынан ашылған бұл кітапханаға ғалымның алты мыңнан аса кітабы қойылыпты. Бүгіндей бір кабинетке орналасқан кітаптардың ішінде белгілі қаламгерлердің, ақындар мен дипломаттардың қолтаңбасымен және орыс тіліндегі кітаптарды да көруге болады. Міне, кітап оқитын бір қазақ осындай-ақ болсын. Кітаптарымен бірге мемориалдық экспонаттар, аудио және бейне материалдар, грампластинкалар мен ашық хаттар да табыс етілген.

Кітапхана ашу ойы қай кезде келгені жөнінде қоғам қайраткерінің өз аузынан естідік.

– Әу баста, өз алдына жеке кітапхана ретінде ашқым келді. Құзырлы орындарға құлақ қағыс қылып едім, ешкім қозғалмады. Бидайдың баратын жері диірмен демекші, ойлан келе кітаптың орны кітапхана ғой деп, осы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасына тапсырдым. Кітаптарымды берудің берсем де, үш күн, үш түн ұйықтай

алмай жүрдім. Ұйқым қашты, көзіме жас келді. Кітап – менің өзегім екенін шындап түсінгенім шығар, бұл.

Кітапхананың ашылу салтанатына келген ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев та қатысқан болатын.

– Кітап – ол білім, мәдениет. Өсіп келе жатқан ұрпақтың бойына асыл құндылықтарды сіңіру үшін, кітап оқуларына жете көңіл бөлуіміз керек. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының өзіне сыйға тартқан кітаптарынан кітапхана ашқандарын білесіздер. Қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбекұлының жеке кітапханасының ашылуы, еліне, ұлтына деген сүйіспеншілігінің қандай екенін көрсетіп отыр. Қазақтың тарихын, мәдениеті мен ғылымын зерттеуде бұл кісінің сіңірген еңбегі зор. Бұл бір өнегелі іс-шара болды деп есептеймін. Шаң басып жатқан кітаптарымызды үйде сақтағаннан гөрі, осы Мырзатай ағамыздан үлгі алып, жолын қуатындар көбейсін дегім келеді. Сонда ғана біздің елімізде кітап оқитындардың саны артып, мәдениеті жоғарылайды деп ойлаймын.

Кітапхана ашу идеясынан бұрын Мырзатай Жолдасбеков ҚР Президенттік мәдениет орталығында басшы болып жүргенде осы кітаптарының жайғастырылғанын айтады. Екі бөлімнен тұратындай етіп жасалған кабинетті мәдени орталыққа келген қонақтар әр келген сайын тамсанып кететін болған. Марқұм Дүкенбай Досжановтың қолы бос кезінде сол кітапханасынан шықпағанын айтып, еске алды бір...

Кітап оқитын адам тумысын бөлек жаратылмас, әрине. Бірақ, ғұмыр бойы жинаған кітаптың иесін көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Әрі ол адам сол кітаптарын болашақ ұрпағына мирас ретінде қалдыру үшін, мемлекет қолына тапсырып отырса, ондай жаңдарға қол соғып, қошеметтеп, бас иіп қана қоймай, әрдайым құрметке лайық екенін ескеріп жүргеніміз абзал.

Академик алғашында кітаптарды Алматы қаласындағы Ұлттық кітапхананың сұрағанын айтады. Қаншама уақыттан бері елордалық болып кеткеннен кейін, Астанада қалдыруды жөн санапты. Әрі Ұлттық академиялық кітапхана директоры Үмітхан Мұңалбаева қолқа салғаннан кейін, отбасымен ақылдаса отырып, келісімін беруге тура келіпті.

– Қанша жерден қимамаймын дегенмен, кітаптардың бағын байлау дұрыс емес екенін дер кезінде ұқтым. Баяғыда Ленин қайтыс болғаннан кейін, Сталин біраз абыржып, Кеңес үкіметінің сөзін сөйлесін деп Переделькино деген ауыл тұрғызған екен. Әлгі ауылға ақындар мен жазушыларға, өнер қайраткерлеріне үй салып беріпті. Елорданың іргесінде жарық пен су баратын ұлтарақтай жер беруін өтінген едім билік басындағылардан. Сол жерге үйді өзіміз-ақ салып, кейін Переделькино ауылы сияқты музей болып қалар дедім. Сірә, ешкім құлақ аспады ма, сөзім ескерусіз қалды, – дейді М.Жолдасбеков.

Академиктің жеке кітапханасының салтанатты ашылу рәсіміне келген қонақтар өз лебіздерін білдіріп жатты. Солардың ішінде Атырау қаласынан арнайы шақырылған композитор Ілия Жақанов ағамыз «Рухани ниетің баянды болсын» десе, ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты Қуаныш Сұлтанов:

– Шәкіртіңіз ретінде ғұмыр бойы жинаған кітабыңызды мемлекеттің қолына табыс еткеніңізге мың да бір алғыс! Бүкіл қазаққа мәдениеттің сабағын тапсырып отырсыз. Халқыңыздың рухани санасының сапасының өсуі жолында жасап жүрген

жұмыстарыңыз жемісін бере берсін, – деді.

Кітап оқу құдіреті қандай болатынын кітаптан көз аспағандар білер, шамасы. Кітап оқығандікі, білім тоқығандікі деген сөз бекерден айтылмаған болуы керек. Оқыған кітаптарының ішінде ешуақытта жалықтырмайтыны Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романы екенін ғалым ерекше ықыласпен айтып өтті. Бейімбет Майлин мен Мағжан Жұмабаевтың шығармалары да Мырзатай Жолдасбековтің жата жастанып, оқитын шығармаларының бірі. «Соңғы он жылдан бері «Абаймен» ауырып жүрмін. Шығармаларын жазда оқысаң басқаша, күзде оқысаң, мүлдем басқаша. Көктем мен қыста тіпті бөлек. Абайдың түбіне жету қиын екен» – дейді академик.

Дүние жимай, иман жинауды місе тұтқан Мырзатай Жолдасбеков кітап жинаудан басқа нәрселерге де қызығатынын жеткізді.

– Қазақта «тентек шоқпар жинайды» деген бір сөз бар. Менің тағы бір жинайтын дүниемнің бірі – домбыра. Домбыра – халқымыздың сырласы, әрі мұңдасы. Біздің ұстазымыз, ақыл берер ақылманымыз. Осы уақытта он төрт домбыра жинаппын. Оның ішінде атақты домбыра жасаушы шеберлерден Романенконың, Жақсылықтың, Азаттың және Мұсаның төрт домбырасы да менің қолымда. Домбыраны тартатын талантты күйшілердің атын білгенде, оларды жасаған шеберлер туралы біле бермейді екенбіз. Құдай қаласа, биыл домбыра жасаушылардың басын қосып, «Үкілі домбыра» атты арнайы кеш өткізбекпін.

Ғалым ағадан сұхбат ала отырып, әр сөзіне мән беруге тырыстым. Әр сұраққа асықпай жауабын беріп, мәдениеттің дамуына кітаптың қажет екенін түсіндіруге тырысқан академик картина жинағанды да жақсы көретінін айтып қалды. Мәселен, суретші Әбілхан Қастеевтің «Разговор с Джамбулом» деген картинасына ерекше құрметпен қарайды екен. Сондай-ақ, жеке портреттерінің, анасы мен әкесінің де суреті барын жасырмады. Ендігі ойы, сол картиналарыды жаңадан ашылған Ұлттық музейге тапсыру ойында жүр екен.

Сөз соңында Мырзатай Жолдасбеков:

– Кітап адамды тәрбиелейді, дұрыс жолға жетелейді. Біз дүние жинаудың орнына, замандастарымызбен кітап жинаған адамдармыз. Бұл кітапты балаларым да, немерелерім де оқыған болатын. Бізге асыл өнерімізді ардақтай беру үшін даналардың данасы болған Абай мектебін ашу қажет, – деді.

# ЕҢ ҮЗДІК ФИЛЬМ

Қазақстан мен Испания бірлесіп түсірген «Қарағандыда ұмытылғандар» (Los olvidados de Karagand6) атты деректі фильм АҚШ-та California Film Awards жұлдесін «2014 жылдың үздік деректі фильмі» номинациясы бойынша жеңіп алып, гауһар жұлдеге ие болды.

Нехос қауымдастығы 2014 жылы ҚР Сыртқы істер министрлігінің қаржылай қолдауымен Қарлағта жаза өтеген испаниялықтар туралы 50 минуттық деректі фильм түсірді. Бұған 2013 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Испания үкіметінің басшысы Мариано Рахойға Қарлағ тұтқындары туралы 152 мұрағат құжатын беріп жіберуі негіз болды.

Деректі фильмде Испания азаматтарының Қарлағтағы бастан кешкендері мен сол оқиғалар куәгерлерінің мәліметтері жария етіледі. Бұл адамдар, негізінен, Испания республикалық партиясы мен «Көгілдір дивизияның» өкілдері, елдегі Азаматтық соғыс пен Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде олардың әрекеті түрліше бағаланып, мұның ақыры Қазақстандағы саяси лагерьлердің біріне түсуге әкеліп соқты. Фильмде жеке адам мен тұтас ұжымның тағдыры үшін жауласушы тараптарға одақтастарға айналуға тура келетіні, сөйтіп, бітімгершіліктің жолын табу мен тарихтан оң сабақ алудың дұрыстығы суреттеледі.

Деректі туындыда Қарлағта болғандардың ұрпақтары мен тарихшыларға тұтқындардың жаза өтеген орындары және жерленген жерлері көрсетіліп, азап абақтысынан тірі қалғандар мен жергілікті тұрғындардың сұхбаттары беріледі.

2014 жылдың 18 қарашасында Испаниядағы Қазақстан елшілігі EFE халықаралық ақпарат агенттігінің қолдауымен «Қарағандыда ұмытылғандар» фильмін ресми түрде таныстырды. Фильмнің таныстырылуы Испания жұртшылығы арасында қызу талқыланды. Ақпарат құралдары Қазақстанның Испанияға көрсеткен татулық ишараты туралы жарияланымдар таратты. Әсіресе, Қазақстанның бұрынғы КСРО елдері арасынан Испанияға мұрағат құжаттарын ресми түрде ұсынған алғашқы ел екені баса айтылды.

Жәмилә СӘРСЕНБАЙ



# Забутые в Караганде

**Документальный фильм «Забутые в Караганде» получил бриллиантовую награду California Film.**



Документальная лента «Забутые в Караганде», что рассказывает об испанских узниках Карлага, стала победителем в номинации «Лучший документальный фильм 2014 года».

За это данная кинолента удостоилась бриллиантовой награды California Film.

Эту новость распространила в СМИ пресс-служба Министерства иностранных дел (МИД) РК.

В течение минувшего года представители Ассоциации «Nexos» при финансовой поддержке главного дипломатического ведомства республики занимались съемкой этого полнометражного 50-минутного документального фильма об испанцах, заключенных Карлага.

## Как все начиналось?

А поводом к созданию этого исторического фильма послужила передача Президентом Казахстана Нурсултаном Назарбаевым в сентябре 2013 года председателю правительства Испании М.Рахою 152 архивных дел испанцев, заключенных Карлага.

Стоит напомнить, что Казахстан стал первой страной бывшего СССР, которая официально передала архивные документы Испании.

В фильме содержатся свидетельства очевидцев, а также идет речь о тех обстоятельствах, которые стали причиной того, что испанцы оказались в застенках Карлага.

К слову сказать, многие факты до сего времени не известны подавляющему большинству жителей Испании.

В фильме показаны правдивые истории о судьбах испанских представителей республиканской партии и «Голубой дивизии». Они были по разные стороны баррикад во время Гражданской войны в Испании, Второй мировой

войны, а затем волею судьбы оказались в одном лагере в Казахстане.

В документальной киноленте с максимальной достоверностью продемонстрировано, как идеологические противники становятся союзниками, забывая о своих прежних разногласиях. И все это того стоит. Ведь делается ради личного и коллективного выживания.

В фильме продемонстрирован путь примирения, а также позитивные уроки исторической памяти.

Помимо всего, родственникам, потомкам и историкам показали места заключения и захоронения испанских узников.

Плюс ко всему в фильме есть интервью с выжившими испанцами, а также свидетельства историков, местного населения и других лиц, так или иначе причастных к этим трагическим событиям.

Стоит напомнить, что 18 ноября 2014 года Посольством Казахстана в Испании проведена официальная презентация фильма «Забутые в Караганде» (Los olvidados de Karagandá). Поддержку оказало международное информационное агентство EFE.

Вышедший на экраны документальный фильм «Забутые в Караганде» имел довольно широкий общественный резонанс.

Так, некоторые авторитетные СМИ Испании напечатали положительные статьи о проявленном жесте дружбы со стороны Казахстана, а также о судьбах семей, находившихся в лагерях в нашей стране.

При этом акцент был сделан на том, что Казахстан первым на пространстве бывшего Советского союза пошел на то, чтоб официально передать архивные документы Испании.

Наталья МАКСИМОВА

# Forgotten in Karaganda

**The documentary «Forgotten in Karaganda» received a diamond award of California Film.**

The documentary tape «Forgotten in Karaganda» that tells about the Spanish prisoners of Karлага, became the winner in the nomination «The Best Documentary of 2014».

For it this movie received a diamond award of California Film.

This news was extended in mass media by the press service of the Ministry of Foreign Affairs (MFA) of RK.

Within the last year representatives of Nexos Association to financial support of the main diplomatic department of the republic were engaged in shooting of this feature 50-minute documentary about Spaniards, prisoners of Karlag.

## How everything began?

And transfer by the President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev in September, 2013 to the Prime Minister of Spain M. Rajoy of 152 archivings of Spaniards, prisoners of Karлага was the cause of creation of this historical movie.

It is worth reminding that Kazakhstan became the first country of the former USSR which officially transferred archival documents of Spain.

The movie contains attestations of eyewitnesses, and also there is a speech about those circumstances which became the reason of that Spaniards appeared in torture chambers of Karlag.

By the way, many facts aren't known to the vast majority of residents of Spain till this moment.

True stories about destinies of the Spanish representatives of Republican Party and «A blue division» are shown in the movie. They were on the different parties of barricades during

Civil war in Spain, World War II, and then as the fates decree appeared in one camp in Kazakhstan.

In the documentary movie with the maximum reliability it is shown as ideological opponents become allies, forgetting about the former disagreements. And all this is worth it. After all becomes for the sake of a personal and collective survival.

In the movie the way of reconciliation, and also positive lessons of historical memory is shown.

Besides everything, showed to relatives, descendants and historians jails and burials of the Spanish prisoners.

Plus to everything in the movie is interview to the survived Spaniards, and also certificates of historians, local population and other persons, anyway involved in these tragic events.

It is worth reminding that on November 18, 2014 the Embassy of Kazakhstan in Spain held official presentation of the movie «Forgotten in Karaganda» (Los olvidados de Karaganda). Support was given by the international news agency EFE.

The come-out documentary «Forgotten in Karaganda» had quite wide public response.

So, some authoritative mass media of Spain printed positive articles about the shown gesture of friendship from Kazakhstan, and also about destinies of the families which were in camps in our country.

Thus the emphasis was placed that Kazakhstan the first on space of the former Soviet Union went to that officially to transfer archival documents of Spain.



# ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН

**Қазақ жазушысы Ілияс Есенберлин 1915 жылы 10 қаңтарда Ақмола облысы Атбасар қаласында дүниеге келген. Есімі күллі алаш баласына таныс әдебиетшінің биыл туғанына жүз жыл толып отыр.**

Кеңестік одағы кездері шығармашылықпен айналысқан жазушыны көпшілік қауым «Көшпенділер» трилогиясы арқылы біледі. Қазақ халқының барша тарихын баяндайтын жазушының бұл шығармасының негізінде «Көшпенділер» фильмі түсірілген болатын.

Бытыр қазан айында Париж қаласында өткен Бас конференциясында қабылданған құжатқа сай, қазақ жазушысы Ілияс Есенберлиннің 100 жылдық мерейтойы халықаралық ұйымның өткізілетін шаралары тізіміне енген болатын.

Жазушының өмірі мен творчестволық жолдарына келсек, Ұлы Отан соғысы басталмас бұрын Қазақ тау-кен институтын бітіріп, Жезқазған рудниктерінде инженер болып жұмыс жасайды. Кейін Қазақстан КП ОК-нің нұсқаушысы, Қазақ мемлекеттік филармониясының директоры, ҚР Геология министрлігінің аға инспекторы, «Қазақфильм» киностудиясының аға редакторы, «Жазушы» баспасында және т.б. бірқатар лауазымды қызметтерді атқарған.

Жазушының туған жерінде мектепке, Алматы және Астана қалаларында бір көшеге І. Есенберлин есімі берілген. Сондай-ақ, Атбасар қаласындағы «Есенберлин әдеби мұражайы» да жұмыс жасайды. Аталмыш мұражайда Ілияс Есенберлиннің балалық шағы, жастық кезі мен еңбек жолы туралы қажетті деректер алуға болады.

Жазушының «Қаһар», «Алмас қылыш», «Жанталас», «Айқас», «Ғашықтар», «Қатерлі өткел», «Алтын құс», «Маңғыстау майданы», «Алтын аттар оянады», «Көлеңкемен қорғай жүр», «Алыстағы арпалыс», «Аққу құстар қуанышы», «Махаббат мейрамы» және т.б. шығармалары бар.

# Сыннан сыр түйген шебер

**Б**ар ғұмырын ұлтымыздың мәдениеті мен өнерінің дамуы жолында өзіндік үлес қосып, артында өшпес мұра қалдырған адам бар болса, осы Әшірбек Сығай ағамызды айтар едік.

Қазақ ұлттық өнер университетінде Ж.Жабаев атындағы үлкен концерт залында белгілі театр сыншысы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының және «Құрмет» орденінің иегері, «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты, профессор, аудармашы, педагог Әшірбек Төребайұлы Сығайға арналған еске алу кеші болып өтті.

Театр сыншысының көз тірісінде жиырмаға жуық кітабы баспадан шықты. Қоғамда туындаған мәселелер бойынша бірнеше тақырыптарда мақала жазды. Өмірінің соңғы жылдарына дейін Қазақ ұлттық өнер университетінде студенттерге сабақ берді. Осы университеттің ішінен «Шабьт» журналын және «Ес-аймақ» мәдени-танымдық пікірталас бірлестігін құрды.

Сахна саңлағын еске алуға Айман Мұсақожаева, Сауытбек Әбдірахманов, Кеңес Дүйсекеев, Талғат Теменов секілді өнер майталмандары келді. Әшірбек Төребайұлы туралы қонақтар сыр шертіп, үнемі ізденістің арқасында артында мол мұра қалдырып, шәкірттеріне тәлім-тәрбие беруден еш жалықпағанын айтты.

”

Әкім ТАРАЗИ, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, жазушы:

Әрбір сөзі мірдің оғындай. Асығуды білмейді. Содан кейін айтқан пікірі қолмен қойғандай. Ол қаншама кітап жазатын. Әр кітабының аты қандай болады, тіпті көлемі қандай болады соның бәрін менімен ақылдасып отыратын. Әшірбек енді дүниеден ерте өтіп кетті. Біз күткен жоқпыз. Әсіресе маған бірге жүрген қатты ауыр болды.

Аслан ЕСЕН

# АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ

**Жүнісбек Кенжин деген тоқсанның торы атына мінген ардагер көкеміздің үйіне барып, аз-кем әңгіме дүкен құрып қайттық. Жастық дәурені соғыста өтіп, бүгінде денсаулығы көп нәрсеге мұрша бермейтін болғандықтан артық мазасын алмағанды жөн көрдік. Қарияның көп суреттерінің көбі қолды болып, біразын қайтармаған екен. «Көп сөйлеп, өзімнің де, сенің де мазаңды алмай естелік фотоларымды көрсете салайын, осылай қарғам!» деп түсіндірді Жүнісбек қария.**

**Жүнісбек Кенжин**

Ұлы Отан Соғысы ардагері

? – Жеңіске биыл 70 жыл толып отыр, бұл сіздердің төл мерекелеріңіз. Мерекеңіз құтты болсын! Соғысқа қалай аттандыңыз? Не жағдайларды бастан кешірдіңіз?

– Мен, Қызыл Армия қатарына 17 ден 18-ге таяған жасымда аттандым. 1942 жылы 3 ай бойы әскери дайындықта болып Татарстан астанасы Қазанда оқып, үйрендім. Сонда жүргенде Тихин деген қалаға алып барды. Нағыз соғыстың қызып жатқан жері екен. Біз барған сәтте ол жерге немістер парашютпен, ұшақтармен өз адамдарын тыңшы қылып жіберген екен. Олардың бірі ұсталса бірі әлі арада жүр, соларды тексеріңдер деді. Соларды іздестіруге көмек жасап, мина секілді атқыштарды қалай қолдану керектігін тәжірибе жүзінде көріп, 2 ай соғыс ортасында жүрдім. Онда неміс фашистері тастаған химиялық заттарды қалай тазалау керектігін үйреніп, жұмысқа кірістік. Өте қиын жұмыс, бір қателік бүкіл өміріңнің парша-паршасын шығарады. Уақытымыздың көбін зауыт ішінде өткіздік. Бір күнде 7 вагонға снарядтарды арту керек. Демалыс жоқ. Соғыс жылдарында атқарған жұмысымның дені химиялық заттарды тазалау болды.

? – Неміс басқыншыларын жеңгеннен кейін, жеңісті қалай қарсы алдыңыздар?

– Жеңісті естігенде қалай қуандық десеңші! Аспанға мылтықпен атқылап, бір бірімізді құшаққа алып «Жеңіс! Жеңіс!» дедік. Елге ораламын, Отаныма барамын деп қуанып, Аллаға тәубе дедік...

## ? – Елге оралған соң немен айналыстыңыз?

– 1946 жылы мені шекараға әскери борышымды өтеуге алып кетті. Ол жерде дамыл таппай қызмет еттік. Шекара болған соң қауіп көбіне туындайтын аймақ. Қашқындар тыныштық бермейді, ұйқы жоқ. Минус -35, -40 градус аязда далада шекара қарауылдап тұрған кезімде болды. Аяқта бөтеңке, пима жоқ. Үстіміз жеңіл. Міне, сол кезеңдерде денсаулыққа кінәрат түсіріп алдық қой. Содан 1949 жылы өз Отаныма оралдым. Соғысқа дейінгі 7 сыныптық білім бар. Онымен қайда жұмысқа алсын мені. Жұмыс іздеп біраз жүрдім, ауыр жұмысқа баяғыдай дәрмен жоқ. Содан мені үкімет Киевке 2 ай курсқа жіберді. Аздаған бухгалтерлік жұмыстар жасап күн көрдім. Бірақ арнайы диплом болмаған соң көп қиналдым. Содан оқу іздеп Алматыға қаржы институтына түстім. Сол мамандықпен нәпақа тауып, 7 бала тәрбиелеп өсірген жайым бар.

## ! Әңгімесін аяқтай бастағанда қазіргі заманның жастарға аса бір көңілі толмайтынын айтып өтті.

– Үкіметке рахмет, зейнетақымызды уақытылы алып жатырмыз. Ақша мен азық-түлікпен қамтамасыз етіп жатыр. Міне, мына үйді де берді. Реті келгендерінше қолдауларын көрсетіп жатыр. Одан артық не керек маған? Рахмет. Көп ойланамын. Ана дүниенің жақындағанын да сеземін. Мына заманда түрлі жаңалықтарды естіп қатты күрсінем. Жастарға қапаланамын. Өз тілдерін білмейді. Қарағым, қазір 3 тілді білу керек сендерге. Бірақ, ана тіліңді әрқашан қолданыстан шығармауларың қажет. Өз тілін білмейтін, жетесіздер көбейіп барады. Сол мені алаңдатады. Көре алмаушылық қасиеттерді тастау керек. Елімді қалай дамытам, не істесем өсіп өркендейді деп алға талпынып жұмыс жасаса деймін.

## Жауынгер достарымен

*Қария әңгімелесіп болып, шығарып саларда:*

– Айналайын қызым, осылай келіп тұрыңдар. Өткенді еске түсіріп, бір серпіліп қалдым. Алдыңа мақсат қоя біл, соған талпынып іске асыра біл. Ешқашан оқуды тоқтатпа, еліңнің елеулі қызы бол. Менің жасымды берсін, тағдырымды емес. Ерінбе, абыройлы бол! – деп маңдайымнан сүйіп, ақ батасын берді.

Әңгімелескен Жәмила ЗАЙЫРОВА



**Р.С. 1924 жылы Көкшетау облысында дүние есігін ашқан. 7 жылдық білімімен 17 жасында Ұлы Отан Соғысына аттанды. 1942-1946 жж. аралығында Ресей және Украина қалаларын минадан тазартқан. 1946-1949 жж. Украина шекарасында әскери борышын өтейді. Елге келген соң Қаржы институтын тәмамдап, сол салада талай жылдар еңбек еткен. Ардақты ардагер 7 бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде ақсақалдың 12 немере, 17 шөбере, 7 неменесі бар.**

# Святая к музыке любовь

## Известной казахстанской скрипачке Айман Мусаходжаевой присвоено звание «Қазақстанның Еңбек Ері».

Как известно, Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев перед Новым годом подписал Указ «О присвоении звания «Қазақстанның Еңбек Ері» Айман Мусаходжаевой».

– За выдающиеся достижения в социально-гуманитарном развитии Республики Казахстан, активную общественную деятельность, особый вклад в развитие культуры присвоить высшую степень отличия – звание «Қазақстанның Еңбек Ері» – Мусаходжаевой Айман Кожобековне – ректору ГУ «Казахский национальный университет искусств», – говорится в подписанном Главой государства документе.

К слову сказать, звание «Қазақстанның Еңбек Ері» – это высшая степень отличия Республики Казахстан. Она присваивается за выдающиеся достижения в экономическом и социально-гуманитарном развитии Республики Казахстан, являясь высшей степенью отличия по аналогии орденом «Алтын Қыран» и званием «Халық Қаһарманы».

А всем, кто удостоен звания «Қазақстанның Еңбек Ері», вручается знак особого отличия – Золотая звезда и орден «Отан».

Айман Мусаходжаева принимала поздравления с этой высокой наградой. Поздравил ее и аким Астаны Адильбек Джаксыбеков.

– Айман Кожобековна, вы один из первых деятелей культуры, кто переехал в Астану, поддержав инициативу Президента страны по переносу столицы, – сказал градоначальник Астаны.

Далее он напомнил, что «основав в 1998 году Академию музыки в Астане

и став ее ректором, вы за это время воспитали не одно поколение талантливых музыкантов и композиторов».

– Ваш поистине подвижнический труд оценен по достоинству, – резюмировал аким Астаны Адильбек Джаксыбеков.

Айман Мусаходжаева поблагодарила главу столицы за постоянную поддержку и совместную работу по культурному развитию и формированию духовной среды столицы.

Необходимо также отметить и другие регалии известной скрипачки Айман Мусаходжаевой. Она – народная артистка Казахстана, ректор Казахского национального университета искусств, почетный гражданин Астаны, обладатель Государственной премии РК, обладатель звания «Қазақстанның Еңбек Ері», неоднократный лауреат международных конкурсов.

Помимо этого, имя Айман Мусаходжаевой внесено во Всемирный почетный список ИВС «2000 выдающихся музыкантов 20-го века».

Ректор Казахского университета искусств Мусаходжаева в новогодние дни вспоминала главные этапы своего пути на культурном поприще Казахстана.

– Я хорошо помню, когда Президент заявил о переносе столицы в Акмолу и необходимости создания учебного заведения, которое бы воспитывало кадры для вновь созданных учреждений культуры – «Астана опера», филармонии, – вспоминает она.

Далее, народная артистка страны рассказала о своем творческом пути на брифинге Службы центральных коммуникаций при Президенте РК.

– Мне выпала уникальная возможность приехать и стать инициатором и основателем Казахской национальной академии музыки, реализовать этот

проект, который стал сегодня кузницей кадров не только для столицы, но и для всех регионов Казахстана, – говорит известная скрипачка, считая при этом, что «все, что мы делаем сегодня, должно «выстрелить в последующих поколениях».

По ее словам, «у нас есть такое понятие, как преемственность».

– Нас воспитывали именитые педагоги, которые с детства поднимали и вели, предоставляли возможность расти, выступая в Москве и Санкт-Петербурге. Сегодня у нас больше возможностей. Мы можем возить наши кадры по всему миру, обучать в разных странах, предоставляя стипендию «Болашак» и по академической мобильности, – рассказывает Мусаходжаева.

По ее мнению, что «все, что в них будет сегодня вложено, должно сработать к 2050 году».

– Но мы требуем от наших студентов главное – проявлять трудолюбие. Потому что любой талант – это 90 процентов труда, – высказала свою позицию, как стать успешным, известная скрипачка.

При этом она считает, что «именно Президент Казахстана является эталоном труда».

Далее, она поделилась с аудиторией творческими планами на обозримую перспективу.

– Мы всегда планируем концерты, прежде всего, по Казахстану и готовим концертные программы для нашей публики. Сейчас наши дети – Евразийский симфонический оркестр – вылетели в Испанию для того, чтобы в рамках учебно-производственной практики дать десять концертов. Они начинают с Барселоны и едут по всем регионам Испании, – проинформировала известная скрипачка.

По ее словам, аналогичные гастроли пройдут и в наступившем году.

– Мы намечаем такие концерты ежегодно. Если мы в 2014 году выступили в Лондоне, Париже, Южной Корее и Испании, то уже в 2015 году хотелось бы охватить регион Азии, Латинской Америки. Над этим мы сегодня работаем, – говорит Мусаходжаева.

При этом Народная артистка Казахстана глубоко убеждена, что любовь к высокому искусству детям надо прививать, начиная со школьной скамьи.

По ее мнению, в первую очередь, «должна быть какая-то программа интеллектуального развития народа».

– Мы всегда говорим о качестве жизни, но оно невозможно без развития культуры и интеллектуальной сферы, – считает Мусаходжаева, при этом посетовав на то что, в казахстанских школах преподают математику, физику, историю, нередко забывая о культурной составляющей.

А культурная составляющая, считает руководитель КанНУИ, – это, прежде всего, этика, эстетика, музыка, танцы.

– Раньше в каждой школе проводились уроки танца, ритмики и хорового пения, – вспоминает ректор КазНУИ, делая акцент на том, что в данное время «все эти предметы переведены в ранг платных услуг».

С ее слов, по этой причине в массе своей дети воспитываются вне этой культуры.

– Те родители, у кого есть деньги, отдают детей в платные кружки, но не у всех есть такая возможность. Поэтому нам необходима программа интеллектуального развития народа Казахстана, – сказала Айман Мусаходжаева.

При этом она твердо убеждена, что казахстанская культура уникальна и многогранна одновременно.

– На гастролях за рубежом мы в первую очередь играем наши кюи. И это неизменно находит отклик в сердцах зрителей со всего мира. Возможность представлять свою страну на международном уровне – все это очень способствует развитию чувства патриотизма, а также огромной ответственности. Мне кажется, это очень важный элемент воспитания молодого поколения, – считает Народная артистка страны.

Она также заявила, что 2015 год – это новая веха в истории Казахского национального университета искусств.

Суть в том, что в наступившем году музыкальные вузы РК переходят из ведомства Министерства образования и науки в Министерство культуры и спорта Казахстана.

– Мы готовим кадры для Министерства культуры и спорта Казахстана. И то, что мы будем очень тесно сотрудничать с нашим уполномоченным органом, – в этом большой плюс, – прокомментировала предстоящие перемены Айман Мусаходжаева.

А значит, что культуре Казахстана предстоит в обозримом будущем выйти на качественно новые рубежи.